

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы : ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"

Топ: «**Сұңқар**» ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастаң**

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	<p>- балаларға тыңдауға, айтуга жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аланадамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелуеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (акырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуга үйрету, әнді созып, кимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендей таза және сөздерді анық айтуга, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуга баулу (тәрбиешіні</p>

көмегімен).

Музыкалық-ырғакты қымылдар.

Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғакты жүріспен беру, музыканың қымылдық сипатына қарай жеңіл, ырғакты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қымылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабанды әуендерді ойнау.

Билер.

Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қымылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қымылдарды ауыстыру, би қымылдарының, билердің атауларын есте сактау. Жеңіл, ыргақпен қозғалу; жұппен би қымылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қымылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айтып жүру, қымылдарды өзгерту, шашашаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қымылдарын орындау.

Казақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.